

Дәрілік заттарды № 38 ерекше сатып алудың қорытындысы туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қ.
Достық к-сі, 13/3 үй

17 қараша 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 09 қарашадағы № 12-2/419 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. – Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Салиев А.С. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Сақ Н.И. – кеңесші;
4. Қансұлтан Н.Ғ. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
6. Калмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
7. Альжанов Б.Т. – қауіпсіздік қызметтің бастығы;
8. Ербатыр Е.Е. – сатып алу басқармасының бастығы;
9. Коскельдинова А.К. – құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы,

дәрілік заттарды ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 12 қараша сағат 11.00-ге дейін комиссия хатшысының электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. 2020 жылғы 09 қарашада «СҚ-Фармация» ЖШС www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алуға, төтенше жағдайларды болдырмауға және олардың салдарын жою мақсатында осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

2. Қатысуға өтінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер ұсынған:

Атауы, БСН	Орналасқан орны	Күні мен уақыты	E-mail
«INKAR» ЖШС 990140004337	Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, № 404/67-үй	12.11.2020 10.24	Джамиля Алаева <dalaeva@list.ru>
«Kelun-Kazpharm» ЖШС (Келун-Казфарм) 120840004709	Алматы облысы, Қарасай ауданы, Елтай ауылдық округі, Көкөзек ауылы, 1147-үй	11.11.2020 13.18	Отдел продаж Келун-Казфарм <3131404@mail.ru>
«L-ФАРМА» ЖШС 930440000314	Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Өндірістік аумақ 71, Жол айрығы, ғимарат 60А,	12.11.2020 10.04	Аселя Саменова <aselkin_@mail.ru>

«MEDIX» ЖШС 051240000761	Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Ықшамаудан 7, 37, 23-үй	11.11.2020 17.08	Алия Иманбаева <kemaliev@mail.ru>
«ИНТЕРФАРМСЕРВИС » ЖШС 100740003238	Алматы облысы, Іле ауданы, Ынтымақ ауылы, Төле би көшесі, 18-үй	11.11.2020 15.21	Ерлан Джамансарин <yerlan.1984@mail.ru>
Атабай Кимия Сан. Ве Тидж АС Турция	Istanbul Turkey	12.11.2020 00.20	Uğur CİRİT <ucirit@atabay.com>

3. осы хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілер сауда атауы бар 6 дәрілік затты ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынды.

4. Дәрілік заттардың 5 атауы бойынша №№ 1, 5, 7 және 9-10 позициялар бойынша ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынылған жоқ.

5. Мынадай әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері Қағидалардың талаптарына және (немесе) ерекше сатып алуға қатысу үшін шақыру шарттарына мынадай негіздер бойынша сәйкес келмейді:

1) № 6 позиция бойынша **«ИНТЕРФАРМСЕРВИС» ЖШС:**

толтырылған және қол қойылған баға ұсынысындағы біржолғы әкелуге рұқсат бойынша ұсынылған сипаттама біржолғы әкелуге рұқсатта көрсетілген сипаттамаға және шақыру шарттарына сәйкес келмейді;

2) № 11 позиция бойынша **Атабай Кимия Сан. Ве Тидж АС Турция:**

толтырылған және қол қойылған баға ұсынысындағы көрсетілген жеткізу мерзімі шақыру шарттарына сәйкес келмейді;

Қағидалардың 212-тармағының 2) тармақшасы бұзылған, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 3) тармақшасы бұзылған, заңды тұлға жарғысының көшірмесі, ал егер жарғыда қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, шақыру жарияланған күннен кейін берілген қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе қолданыстағы акция ұстаушыларының тізілімінен үзінді ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 10) тармақшасы бұзылған, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті екендігі және салық есебінде тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органы хатының түпнұсқасы немесе көшірмесі ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 13) тармақшасы бұзылған, осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігі туралы хат ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 14) тармақшасы бұзылған, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өнім беру шартын бұзуға келісу туралы хат ұсынылмаған.

Қағидалардың 214-тармағының 5) тармақшасы бұзылған, дәрілік заттардың жарамдылық мерзімінің осы Қағидалардың 20-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес өнім берушілердің беру күніне сәйкестігі туралы кепілдік хат ұсынылмаған.

шақыру шарттары бұзылған, баға ұсынысында саудалық атауы бойынша ұсынылатын дәрілік затқа тіркеу куәлігінің нөмірі көрсетілмеген;

Қағидалардың 214-тармағының 4) тармақшасы бұзылған, Қағидалардың 20-тармағының 3) тармақшасында көзделген талапты растау үшін сатып алуға мәлімделген дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы бойынша және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың заңнама талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі туралы кепілдік хат ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 5) тармақшасы бұзылған, фармацевтикалық қызметпен айналысуға лицензияның және оған дәрілік заттарды өндіруге немесе көтерме саудада өткізуге қосымшаның көшірмесі ұсынылмаған;

Қағидалардың 214-тармағының 2) тармақшасы және 372-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасы бұзылған, дәрілік затты мемлекеттік тіркеу туралы Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген талаптың сақталуын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылмаған;

Қағидалардың 212-тармағының 6) тармақшасы бұзылған, конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің бар-жоғы туралы құжат ұсынылмаған;

6. Мынадай әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері Қағидалардың талаптарына және шақыру шарттарына сәйкес келеді: «INKAR» ЖШС, «L-ФАРМА» ЖШС, «Kelun-Kazpharm (Келун-Казфарм)» ЖШС және «MEDIX» ЖШС

7. Әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Комиссия Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, 3, 20, 212, 214, 247, 253, 262, 372 **ШЕШТІ:**

1) №№ 1, 5, 7 және 9-10 позициялар бойынша дәрілік заттардың 5 атауын сатып алу Қағидалардың 262-тармағы 1) тармақшасының негізінде өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылсын;

2) әлеуетті өнім беруші «ИНТЕРФАРМСЕРВИС» ЖШС-нің № 6 позиция бойынша өтінімі:

ұсынылатын дәрілік зат сипаттамасының Қағидалардың 247-тармағының 28) тармақшасы негізінде шақыру шарттарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбасын;

3) әлеуетті өнім беруші **Атабай Кимия Сан. Ве Тидж АС Турция № 11** позиция бойынша өтінімі:

Қағидалардың 247-тармағы 3) тармақшасының негізінде жеткізу мерзімінің шақыру шарттарына сәйкес келмеуіне;

Қағидалардың 247-тармағы 5) тармақшасының негізінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 6) тармақшасының негізінде заңды тұлғаға арналған жарғының көшірмесі немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді немесе

сатып алуды хабарлау күнінен ерте емес құрылтай шартының көшірмесінің ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 4) тармақшасының негізінде әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті екендігі және салық есебінде тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органы хатының түпнұсқасының немесе көшірмесінің ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 31) тармақшасының негізінде Қағидалардың 9-тармағына сәйкес үлестестіктің жоқ екендігі туралы ақпараттың ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 32) тармақшасының негізінде Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген фактілер анықталған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен өнім беру шартын бұзуға келісімнің ұсынылмауына;

Қағидалардың 20 тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес өнім берушінің жеткізу күніне дәрілік заттардың жарамдылық мерзімінің сәйкестігі туралы кепілдік хаттың ұсынылмауына;

саудалық атауы бойынша ұсынылатын дәрілік заттың тіркеу куәлігінің нөмірін көрсетпеуіне;

Қағидалардың 247-тармағы 35) тармақшасының негізінде Қағидалардың 20-тармағының 3) тармақшасында көзделген талапты растау үшін сатып алуға мәлімделген дәрілік заттардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы бойынша және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтың заңнама талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі туралы кепілдік хаттың ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 8) тармақшасының негізінде , фармацевтикалық қызметпен айналысуға лицензияның және оған дәрілік заттарды өндіруге немесе көтерме саудада өткізуге қосымшаның көшірмесінің ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 20) тармақшасының негізінде Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көзделген дәрілік заттардың мемлекеттік тіркелгені туралы сәйкестігін растайтын құжаттардың ұсынылмауына;

Қағидалардың 247-тармағы 9) тармақшасының негізінде конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігін растайтын құжаттардың ұсынылмауына байланысты қабылданбасын;

4) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген сауда атауы, сипаттамасы және бағасы ұсынылған № 8 позиция бойынша әлеуетті өнім беруші «**INKAR**» ЖШС ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын;

5) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген сауда атауы, сипаттамасы және бағасы ұсынылған № 6 позиция бойынша әлеуетті өнім беруші «**L-ФАРМА**» ЖШС ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын;

6) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген сауда атауы, сипаттамасы және бағасы ұсынылған № 3 позиция

бойынша әлеуетті өнім беруші «MEDIX» ЖШС ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын;

7) Қағидалардың 297-1-тармағының негізінде осы хаттамаға 2-қосымшада көрсетілген сауда атауы, сипаттамасы және бағасы ұсынылған № 2 және 4 позициялар бойынша әлеуетті өнім беруші «**Kelun-Kazpharm**» (**Келун-Казфарм**) ЖШС ерекше сатып алудың жеңімпазы деп танылсын;

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Комиссия төрағасы

Е. Искалиев

Комиссия төрағасының орынбасары

А. Салиев

Комиссия мүшелері:

Н. Сақ

Н. Қансұлтан

Г. Омарова

А. Калмагамбетова

А. Коскельдинова

Б. Альжанов

Е. Ербатыр

Комиссия хатшысы

А. Кайбагарова